



**Автор:** Куанышбекова Ардак Иргебаевна

**Пән:** Геометрия

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Фигураның ауданы

**Тақырып:** Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3.11 параллелограмның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: параллелограмның және ромбтың ауданының формулаларын біледі және қолданады Басым көпшілігі: параллелограм және ромбың аудандарына арналған кері есептер құрастырады және шығарады Кейбіреулері: параллелограмның және ромбтың ауданы туралы теоремаларды өздері тұжырымдай алады
Тілдік мақсаттар:	Формулаларды дұрыс оқи біледі, формулаларды тұжырымдай біледі Параллелограмның ауданы, ромбтың ауданы Сөз тіркестері: қабырғасы мен сол қабырғасына түсірілген биіктіктің көбейтіндісі Екі көршілес қабырғалары мен олардың арасындағы бұрыштың синусы Диагональдерінің көбейтінділерінің жартысы
Күтілетін нәтиже:	Параллелограм және ромбтың ауданының формулаларын біледі, қолданады, Формулаларды пайдаланып кері есептер шығарады
Бағалау критерийлері:	Параллелограм және ромбтың ауданының формулаларын біледі, қолданады Формулаларды пайдаланып кері есептер шығарады
Құндылықтарды дарыту:	<ul style="list-style-type: none"><li>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы</li></ul>
АКТ-ны қолдану дағдылары:	bilimland.kz ресурсындағы, геометрия-планиметрия- төртбұрыштардың ауданы курсы орындау
Пәнаралық байланыс:	Алгебра, информатика
Бастапқы білім:	Көпбұрыштардың ауданы, тіктөртбұрыштың және шаршының ауданы. Параллелограм және ромбтың белгілері мен қасиеттері

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (1-3 минут)	Тренинг. «Елімнің мақтанышы болу үшін...» оқушылар шеңбер бойымен тұрып сөйлемді аяқтайды, қолпаштайды. Топқа бөлу: Геометриялық фигуралар арқылы сынып шағын топтарға бөлінеді.	Үлестірме қағаздары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (4-30 минут)	<p>ОЙЛАН – ЖҰПТАС – БӨЛІС әдісі бойынша жаңа материалды игеру тапсырылады. Оқушыларға оқулық бойынша параллелограмның ауданын табуға арналған формулаларды қорытып шығару тапсырылады.</p> <p>Оқушылар әрқайсысы жеке ойланып, жұптасып ең үздік пікірлері топта талқыланады .</p> <p>Дескрипторлар: <math>S=a*ha</math> немесе <math>S=b*hb</math> формулаларын қорытып шығарады  <math>S=absina</math> формулаларын қорытып шығарады</p> <p>Жоба қорғау әдісі.</p> <p>Мәселе -1: Ромбтың ауданын неліктен <math>S=a2sina</math> формуласымен есептеуге болатынын дәлелдеу.</p> <p>Мәселе -2: Ромбтың ауданы оның диагональдарының көбейтіндісінің жартысыны тең екендігін дәлелдеу.</p> <p>Бас бармақ тәсілі бойынша бағаланады  Мен түсінемін  Мен түсінгендеймін  Мен түсінбедім</p> <p>Кім алғыр? Оқушыларға практикалық бағыттағы тақырыпқа байланысты тапсырмалар беріледі</p> <p>1.Қабырғалары 10 және 16 және олардың арасындағы сүйір бұрышы 600 болатын параллелограмның ауданын есептеңіз.</p> <p>2.Ауданы 36 см<sup>2</sup> ал сүйір бұрышы 300 болатын ромбтың ауданын есептеңіз .</p> <p>3. Параллелограмның қабырғалары 18 см және 24 см. Параллелограмның ұзын қабырғасына жүргізілген биіктігі 10 см. Кіші қабырғасына жүргізілген биіктігін тап.</p> <p>Дескрипторлар: Есепті шешу алгоритмін дұрыс құрады  Сызбаның дұрыс құра алады  Формуланы дұрыс пайдалана алады  Есеп шешімін таба алады</p> <p>Компьютерде жеке жұмыс: bilimland.kz ресурсындағы, геометрия-планиметрия- төртбұрыштардың ауданы курсы орындау 7, 8 жаттығулар</p>	<p>Оқулық,  флипчарт  формулалар  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/geometriya/planimetriya/tortburyshytynge-trapectziyaning-audany">https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/geometriya/planimetriya/tortburyshytynge-trapectziyaning-audany</a></p>
Сабақтың соңы (31-35 минут)	<p>Бағалау. «Допты лақтыру» тәсілі арқылы оқушылардың жеке пікірлері тыңдалады. Оқушыларда өздерін қалай бағалайтындары туралы қысқаша мәлімет береді</p> <p>Үйге тапсырма. Зерттеу жұмысы.  Периметрлері бірдей фигуралардың аудандары бірдей бола ма?</p>	
Рефлексия (36-40 минут)	<p>Рефлексия. «Өз ойым» Оқушыларға сөйлемдегі көп-нүктенің орнына тиісті сөз тіркестерін қою ұсынылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Осы сабақтан ... есімде қалды</li> <li>2. Сабақтың ...бөлімі мен үшін маңызды болды</li> <li>3. Келесі сабақтың .... өткенін қалаймын</li> </ol>	кеспе қағаздары